



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Денсаулық сақтау ұйымының қаржы-шаруашылық
қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Икамбаева Әлия Рақымғазықызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

A.Ikambaeva@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8(7172)-74-92-56

S.2 Өзектілік- кіріспе

Бұл статистикалық байқау денсаулық сақтау саласына қатысты. Статистикалық нысан денсаулық сақтау ұйымының алғашқы есеп құжаттамаларының деректері негізінде қалыптастырылады. Табыстар мен шығыстар баптары бойынша мәліметтерде ағымдағы табыстар – ұйымдардың бухгалтерлік есептілігі әдіснамасы бойынша есептелетін, негізгі қызмет түрі тізбесіне жатпайтын, қызмет көрсетуден және осы ұйымның қызметі нәтижесінде өндірілген және нарық бағасымен өткізілген (қосымша құнға салықсыз (бұдан әрі – ҚҚС), сондай-ақ үй шаруашылықтарының өтеусіз немесе төмен бағамен берілгендерді қоса алғанда, өз тұтынуына немесе жалпы жинақтауға өндірілген тауарлар өндірісінен алынған, қаржы қаражатының түсімі көрсетіледі.

Қаржы қаражаттарының түсімі ұйымдарды қаржыландырудың бар болуын және қаржыландыру көздерін сипаттайтын көрсеткіштерден тұрады: бюджеттен (республикалық, жергілікті), ұйымдармен (кәсіпорындармен) шарттар бойынша түсімдер немесе халық қаражаты, үй-жайды, жабдықтарды және басқаларын жалға беруден түскен түсімдер көрсетіледі.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Денсаулық сақтау ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері келесі көрсеткіштермен сипатталады: табыстар мен шығыстар баптары бойынша (ағымдағы табыстар, күрделі шығындарға алынған трансферттер, өзге де табыстар, ағымдағы шығыстар, күрделі шығыстары), ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері (табыстар, шығыстар, салық салынғанға дейінгі пайда (залал), кезең бойынша қорытынды пайда (залал), бухгалтерлік теңгерім көрсеткіштері (активтер и пассивтер)). Жарияланған статистикалық есепте өңірлер, жергілікті жер типі, меншік нысандары және кәсіпорындар көлемі бойынша бөлулер

ұсынылған.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

1. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ ҚР ҰЖ 11-2009);
2. Статистикалық көрсеткіштердің анықтамалығы (СКЖ);
3. Трансферт түрлері анықтамалығы (ТФТА);
4. Қызмет көрсету бойынша шығыс түрлерінің анықтамалығы (ҚКТА);
5. Салық түрлерінің, аударымдардың анықтамалығы (СТАА);
6. Бухгалтерлік теңгерім көрсеткіштері бойынша анықтамалық (ББКБА);
7. Меншік нысандары мен түрлерінің сыныптауышы (МНС) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында / Негізгі / "Жіктеуіштер" бөлімінде жарияланған.

S.4.3 Секторлық қамту

«Денсаулық сақтау саласындағы қызмет» Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің – 86, «Тұратын орынмен қамтамасыз ете отырып әлеуметтік қызмет көрсету» – 87, «Тұратын орынмен қамтамасыз етпейтін әлеуметтік қызметтер көрсету» – 88 кодына сәйкес негізгі қызмет түрлері бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Байқау түрі - жаппай байқау.
2. Нысан индексі "Әлеуметтік қаржы (Денсаулық сақтау)";
3. Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 1 сәуірге (қоса алғанда) дейін;
4. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:
 - 1) ағымдағы трансферттер – республикалық және жергілікті бюджеттен, ұйымдар мүшелерінің ерікті жарналары мен қайырымдылық түсімдерінен (соның ішінде шетелден) қайтаруға жатпайтын біржақты төлемдер;

- 2) ағымдағы шығыстар – субъектінің негізгі және қосалқы қызмет бойынша өндірілген өнімнің (тауар және қызмет) өзіндік құнын қалыптастыратын шығындары сияқты қаржылық-шаруашылық қызметтерімен байланысты шығыстарының барлық түрлері;
- 3) активтер – субъектінің құнды бағасы бар мүлкі, мүліктік және жеке мүліктік игіліктері мен құқықтары;
- 4) коммуналдық қызмет көрсетулер – электр мен жылу энергиясына, сумен жабдықтау және кәрізге жұмсалатын шығыстар;
- 5) күрделі трансферттер – активтерге (қолма-қол ақшадан және материалдық айналымнан басқа) немесе оларды сатып алу үшін қаражаттарға ақысыз меншік құқығын бір институционалдық бірліктен басқасына өтеусіз беру;
- 6) қорлар – әдеттегі қызмет барысында сатуға арналған немесе өндірістік үдерісте немесе қызмет көрсету кезінде пайдалануға арналған, шикізаттар мен материалдар түріндегі кәсіпорынның қысқа мерзімді активтері;
- 7) қорытынды табыс (шығын) – салық салынғанға дейінгі пайда (залал) алу корпоративтік табыс салығы;
- 8) қызметкерлердің жалақы қоры – Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес салықтар мен басқа да ұстап қалуларды (жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар) ескере отырып, олардың қаржыландыру көзіне және оларды нақты төлеу мерзіміне қарамастан қызметкерлердің еңбекақысын төлеу үшін ұйымның есептелген ақшалай жиынтық қаражаттары (лауазымдық жалақы (тарифтік мөлшерлемелер), үстеме ақылар, қосымша ақылар, сыйақылар мен ынталандырушы және өтемдік сипаттағы өзге де төлемдер);
- 9) қысқа мерзімді міндеттемелер – кәсіпорынның айналымдағы активтерді пайдалану немесе жаңа қысқа мерзімді міндеттемелерді құру жолымен өтеу ұйғарылатын берешегі;
- 10) негізгі құралдар – бұл басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттарға және субъекті өндірісте пайдалануы үшін немесе тауарды (қызметті) жеткізуде ұсталатын және оларды пайдалану бір жылдан астам кезең бойына созылатын материалдық активтер;
- 11) негізгі қызмет түрі – қосылған құны субъектінің іске асыратын кез келген басқа қызметтерінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;
- 12) өтелім – сатып алынған актив құнын өнімнің өзіндік құнына немесе активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде болатын шығысқа бірте-бірте көшіру үрдісі;

13) салық салынғанға дейінгі пайда (залал) – табыстар және шығыстар арасындағы айырмашылығы;

14) салықтар – қайтарусыз және өтеусіз сипаттағы, белгілі бір мөлшерде өндірілетін, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексімен (Салық кодексі) көзделген, жағдайларды қоспағанда, мемлекет заңнамамен белгілеген, біржақты тәртіпте бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

15) ұзақ мерзімді міндеттемелер – кәсіпорын бір операциялық цикл ішінде өтеуді болжамайтын берешектің барлық түрлері.

5. Статистикалық нысан ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz/Респонденттерге/2019 жылғы статистикалық нысандар/Жылдық сайтында қолжетімді

S.4.5 Статистикалық объект

Денсаулық сақтау ұйымдары және пайдаланушылар

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жоқ

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (14 облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2000-2018 жылдар (жылдық)

S.4.9 Базалық кезең

2018 ж.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітіліген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;

3. Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары;

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары;

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатты ұсыну және пайдалану ережесі. ҚР Әділетминінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы №183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және тең түпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатты ұсыну және пайдалану ережесі.

ҚР Әділетминінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК

www.stat.gov.kz сайтында /Негізгі/"Негізгі құжаттар" бөлімінде орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтында /Негізгі/"Негізгі құжаттар" бөлімінде орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайты / Негізгі / Ресми статистика / Денсаулық сақтау статистикасы.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпараттар жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайты/Ресми статистика/Салалар бойынша/Денсаулық сақтау статистикасы/Бюллетендер/"2018 жылғы Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы".

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" АТЖ-ның "Денсаулық сақтау ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы" Денсаулық сақтау статистикасы бөлімінде.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатты ұсыну және пайдалану ережесі.

ҚР Әділетминінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

-

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

"Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл", Толықтырылған төртінші басылымы. Статистика комитетінің <http://stat.gov.kz> интернет-ресурсында// Негізгі// Әдіснама бөлімінде орналасқан.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі №67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Денсаулық сақтау статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық классификацияны пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдеріндегі бақылаудың барлық схемалары (форматты-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі бар;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Көрсеткіштер Статистика комитетінің салалық Ұлттық шоттар басқармасы пайдаланатын денсаулық сақтаудың ұлттық шоттарын есептеу үшін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, сонымен қатар басқа да статистикалық ақпаратты пайдаланушылар пайдаланатын денсаулық сақтау шоттарының жүйесін қалыптастыру үшін құрылды.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Респонденттерден және пайдаланушылардан, Облыстық статистика департаменттерінен жыл сайын ұсыныстар жиналады. Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі. Сонымен қатар статистикалық нысан қайта қарау кезінде мүдделі мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, "Атамекен" ҰҚП-мен келісу рәсімінен өтеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Тиімсіз.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Әдіснамалық ұсынымды сақтау арқылы және толық қамтуды қамтамасыз етумен нақтылығы қамтамасыз етеді. Статистикалық байқау жаппай тәсілмен өткізіледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Тиімсіз

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмалы.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Бұл жағдайда деректерді толық енгізуді және дұрыстығына бақылау пайдаланылған.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер бюллетенде жыл сайынғы негізде бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және түпкілікті болып табылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ГРЗ

Деректер белгіленген ҚР заңнамалық тәртібімен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2000 жылдан бастап деректер.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен және үкіметтік емес ұйымдармен статистикалық құрал, сонымен қатар көрсеткіштерді қалыптастыру әдісі келісілген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Статистикалық құрал, сонымен қатар көрсеткіштерді қалыптастыру әдісі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Денсаулық сақтау ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимінде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол берілмейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпараттарды бақылау көзделген.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық құрал келесі жағдайларда қайта қаралады:

- 1) Нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы;
- 3) Статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Денсаулық сақтау ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы деректер жиынтығы "Денсаулық сақтау ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп" статистикалық нысаны бойынша алғашқы статистикалық ақпарат дереккөздеріне негізделген.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау "Денсаулық сақтау ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп" статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште немесе

электронды түрде жүзеге асырылады. Электронды түрде ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің интернет ресурсында орналастырылған (www.stat.gov.kz) "on-line режимінде деректерді жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын тексеру үшін форматты-логикалық бақылау қарастырылған.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты алдағы уақытта жалғастыру.